

- ▶ **13-тақырып. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және оның инфрақұрылымы**
- ▶
- ▶ **13.1.Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың мәні, қажеттілігі, негізгі бағыттары**
- ▶ **13.2.Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы**
- ▶ **13.3.Кәсіпкерлікті қолдаудың заманауи институттарының дамуы: бизнес-инкубаторлар, индустриалдық аймақтар және технологиялық парктер**

13.1.Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың мәні, қажеттілігі, негізгі бағыттары

Мемлекет кәсіпкерлікті қолдау арқылы бірқатар маңызды міндеттерді шешеді. Олардын ішінде:

- Жаңа жұмыс орындарының ашылуы және жұмыссыздықтың азаюы;
- Ішкі нарықты отандық өнімдермен қамтамасыз ету;
- Бизнес-идеяларды жүзеге асыру мен инновацияның дамуы;
- Салықтық түсімдердің өсуі және т.б.

Сондықтан кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау экономика және қоғам үшін өте қажетті

- ▶ Кәсіпкелікті мемлекеттік қолдау – бұл кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік әдістер мен шаралар.
- ▶ Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңына сәйкес:
- ▶ Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау - Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін жеке кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру, қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасау жөніндегі мемлекеттік шаралар кешені

- ▶ **Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:**
- ▶ - жеке кәсіпкерлікті реттеу мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру;
 - жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын, бизнес-инкубаторларды, технологиялық парктерді, индустриялық аймақтарды және жеке кәсіпкерлік инфрақұрылымының басқа да объектілерін құру және дамыту;
- ▶ - бюджет қаражаты есебінен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін оқу-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;
- ▶ - жеке кәсіпкерлікті қаржылық қолдау.

- ▶ Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау келесі жолдармен жүзеге асырылады:
- ▶ 1) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кепілдік берілген көлемін сатып алу;
- ▶ 2) екінші деңгейдегі банктер арқылы кредит беруді ұйымдастыру;
- ▶ 3) экономика салаларында әлеуметтік маңызы бар жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру;
- ▶ 4) бюджет қаражаты есебінен қарыздар беру;
- ▶ 5) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қаржы институттары беретін кредиттер, лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;
- ▶ 6) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне ішінара кепілдік беру;
- ▶ 7) лизинг.

▶ **13.2.Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы**



▶ **Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы – бұл кәсіпкерлік субъектілерін дамытуға көмектесетін және оларға өз қызметін жүргізуге қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз ететін ұйымдар мен бірлестіктер жиыны.**

- ▶ **Қазақстандағы мұндай ұйымдар мен бірлестіктерге келесілерді жатғызуға болады:**
- ▶ **1.Мемлекеттің бастамасымен құрылған ұйымдар және мемлекеттік органдар.** Кәсіпкерлікті қолдау үшін мемлекеттің бастамасымен құрылған ұйымдардың ішінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры ерекшеленеді.

▶ **2.Қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар, салалық ассоциациялар.**

- ▶ Осы ұйымдардың функциялары:
- ▶ мемлекеттік шешімдерді әзірлеуге қатысу;
- ▶ дөнгелек үстелдер мен семинарлар ұйымдастыру;
- ▶ сыртқы экономикалық байланыстарда көмек көрсету;
- ▶ ақпараттық қолдау және т.б.

- ▶ **3.Халықаралық ұйымдар және шетелдік ұйымдардың өкілдіктері.**
- ▶ Халықаралық ұйымдардың бағдарламалары ұзақ мерзімді мақсатты сипатқа ие болады және бірінші кезекте кәсіпкерлікті дамытуға көмектесетін толыққанды инфрақұрылымды құруға және нығайтуға, қаржы қаражаттармен қамтамасыз етуге, ақпараттық және кеңес беру қызметтерін көрсетуге, мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыруға, тақырыптық зерттеулер жүргізуге, инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға арналған.

- ▶ **4.Коммерциялық құрылымдар (ақпараттық-аналитикалық, маркетингтік, консалтингтік компаниялар және несиелік ұйымдар мен банктер).**
- ▶ Коммерциялық құрылымдар кәсіпкерлік субъектілерін қолдауды тікелей жүзеге асырмайды, бірақ дамуына жанама түрде айтарлықтай ықпал етеді.
- ▶ **5.Бизнес-инкубаторлар, индустриалдық аймақтар және технологиялық парктер.**

- ▶ Функционалдық бағытталуына байланысты инфрақұрылым институттарының құрылымын келесі түрде көрсетуге болады:
- ▶ Бизнестің қалыптасуы, дамуы және қызмет етуі кезеңдерінде көмек көрсету және мемлекеттік қолдау,
- ▶ Қаржылық қолдау,
- ▶ Ақпараттық аналитикалық қолдау,
- ▶ Біліктілікті жоғарлату және оқыту бойынша қолдау,
- ▶ Материалдық-техникалық қолдау.

▶ **13.3.Кәсіпкерлікті қолдаудың заманауи институттарының дамуы: бизнес-инкубаторлар, индустриалдық аймақтар және технологиялық парктер**

- ▶ Бизнес-инкубатор – кәсіпкерлерді қажетті кеңестермен (консультация) және түрлі қолдаулармен қамтамасыз ететін бизнесті қолдау бағдарламасы.
- ▶ **ҚР-ның «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңына сәйкес, бизнес-инкубатор – шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде өндірістік үй-жайлар, жабдық беру, ұйымдық, құқықтық, қаржылық, консалтингтік және ақпараттық қызметтер көрсету жолымен оларды қолдау үшін құрылатын заңды тұлға.**

Бизнес-инкубатордың міндеттері:

- бизнес-инкубаторға орналастыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу;

- шағын кәсіпкерлік субъектілеріне білім беру, маркетингтік, консалтингтік және басқа да ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтер көрсету болып табылады.

Индустриялық аймақтар жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін экономикалық және ұйымдық жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Индустриялық аймақтардың міндеттері:

- өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлікті жедел дамытуға жәрдемдесу;
- жаңа өндірістер инфрақұрылымын құруға және дамытуға арналған шығындарды оңтайландыру;
- өндіріс тиімділігін арттыру;
- халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады.

- ▶ Технологиялық парк дегеніміз – технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты құрған, индустриялық-инновациялық қызметті іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалатын бірыңғай материалдық-техникалық кешені бар аумаққа меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иелік ететін заңды тұлға.

Технопарк шағын инновациялық фирмалардың дамуы үшін қолайлы орта қалыптастырады:

- жұмыс істеуінің бастапқы кезеңінде үй-жайлар, жабдықтар беру;

- бухгалтерлік есеп жүргізу;

- заңдық, ақпараттығ және консультациялық сүйемелдеу;

- инвестициялар тарту;

- жобаларды басқару бойынша қызметтер.